

**"Аудан жерлері үшін және Жітіқара қаласы бойынша жер салығы мен жер үшін төлемінің базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 186 мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 152 шешімі. Қостанай облысы Жітіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 мамырда № 9-10-119 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2018 жылғы 5 наурыздағы № 194 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 05.03.2018 № 194 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 387 бабы 1 тармағына сәйкес, Жітіқара аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Аудан жерлері үшін және Жітіқара қаласы бойынша жер салығы мен жер үшін төлемінің базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы № 186 (нөмір 9-10-14 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік Тізілімінде тіркелген, 2005 жылғы 30 шілдеде "Житикаринские новости" газетінде жарияланған) мәслихат шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Кіріспеде: "сәйкес" сөзінің алды "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 387 бабы 1 тармағына" деген сөздермен толықтырылсын;

"жергілікті мемлекеттік басқару" сөздерінен кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын;

1 тармақта:

- 1) тармақшада "мемлекеттің" сөзінен кейін,
- 2) тармақшада "Жітіқара қаласы бойынша" сөздерінен кейін,
- 3) тармақшада ("селолық елді мекендер жерлерінен басқа") сөздерінен кейін,
- 4) тармақшада "ауданның" сөзінен кейін "автотұрақ, автожағар май қуу стансалары үшін бөлінген (белгіленген) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы жаңа редакцияда осы шешімнің қосымшасына сәйкес баяндалсын.

көрсетілген шешімнің 3 қосымшасында:

1 аймақ № "0,5" цифры "- 50" цифрына ауыстырылсын;

2 аймақ № "0,6" цифры "- 40" цифрына ауыстырылсын;

3 аймақ № "0,7" цифры "- 30" цифрына ауыстырылсын;

4 аймақ № "0,8" цифры "- 20" цифрына ауыстырылсын;

5 аймақ № "0,9" цифры "- 10" цифрына ауыстырылсын;

6 аймақ № "1,0" цифры "0" цифрына ауыстырылсын;

7 аймақ №:

"1,1" цифры "10" цифрына ауыстырылсын;

"Жітіқара селолық округі (012)" сөздері мен цифрлары "Большевик селолық округі: Тасыбай селосы (011), Қазірет селосы (011)" сөздері мен цифрларына ауыстырылсын;

8 аймақ № "1,2" цифры "20" цифрына ауыстырылсын;

9 аймақ №:

"1,3" цифры "30" цифрына ауыстырылсын;

"кенті" сөзі "ауыл" сөзіне ауыстырылсын;

10 аймақ №:

"1,4" цифры "40" цифрына ауыстырылсын;

"Чайковский селолық округі" сөздері "Чайковский ауылы" сөздеріне ауыстырылсын;

11 аймақ № "1,5" цифры "50" цифрына ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 4 қосымшасында:

1 аймақ № "0,5" цифры "- 50" цифрына ауыстырылсын;

2 аймақ № "0,6" цифры "- 40" цифрына ауыстырылсын;

3 аймақ № "0,7" цифры "- 30" цифрына ауыстырылсын;

4 аймақ № "0,8" цифры "- 20" цифрына ауыстырылсын;

5 аймақ № "0,9" цифры "- 10" цифрына ауыстырылсын;

6 аймақ №:

"1,0" цифры "0" цифрына ауыстырылсын;

"Жітіқара" сөзі "Большевик" сөзіне ауыстырылсын;

7 аймақ №:

"1,1" цифры "10" цифрына ауыстырылсын;

"Жітіқара селолық округі:" сөздері алынып тасталсын;

8 аймақ № "1,2" цифры "20" цифрына ауыстырылсын;

9 аймақ № "1,3" цифры "30" цифрына ауыстырылсын;

10 аймақ №:

"1,4" цифры "40" цифрына ауыстырылсын;

"Чайковский селолық округі: Новый Октябрь селосы (005)" сөздері мен цифрлары алынып тасталсын;

11 аймақ №:

"1,5" цифры "50" цифрына ауыстырылсын;

"Жітіқара селолық округі:" сөздері алынып тасталсын;

Пригородный кенті" сөздері "Пригородный ауылы" сөздеріне ауыстырылсын;

"Чайковский селолық округі:" сөздері алынып тасталсын;

"Чайковский селосы" сөздері "Чайковский ауылы" сөздеріне ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткенінен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жітіқара аудандық*

*мәслихаты сегізінші*

*сессиясының төрағасы*

*Жітіқара аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*З. Асадуллин*

*Г. Алпысбаева*

**КЕЛІСІЛГЕН:**

"Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Салық комитетінің  
Қостанай облысы бойынша  
Салық департаментінің Жітіқара  
ауданы бойынша салық басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Қ. Қосмұхамбетов

"Жітіқара ауданының ауыл  
шаруашылық бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Б. Кабиев

"Жітіқара ауданының жер  
қатынастары бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ А. Оразбаев

Мәслихаттың

2009 жылғы 22 сәуірдегі

№ 152 шешіміне қосымша

Мәслихаттың

2005 жылғы 13 маусымдағы

№ 186 шешіміне 2 қосымша

## **Жітіқара қаласы бойынша жер үшін төлемінің базалық ставкасына түзету коэффициенттері**

Аймақ нөмірі	1 шаршы метр жер үшін төлемінің базалық ставкасына түзету коэффициенті, пайызда
1	50
2	40

3	20
4	0
5	- 50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК